

Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2021 жылғы 8 шілдедегі № 10/103 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 шілдеде № 23601 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2025 жылғы 27 қарашадағы № 41/377 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 27.11.2025 № 41/377 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 417 "Тұрғын үй сертификаттарын беру қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18883 болып тіркелген) сәйкес, Абай аудандық мәслихаты ШЕШТІ :

1. Тұрғын үй сертификаттарының мөлшерін және алушылар санатының тізбесі 1, 2 қосымшаларға сәйкес анықталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Сакенов

Абай аудандық
мәслихатының
2021 жылғы 8 шілдедегі
№ 10/103
шешіміне 1 қосымша

Тұрғын үй сертификатының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1,5 млн. (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 %, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1,5 млн. (бір миллион бес жүз мың) теңгеден артық емес.

Абай аудандық мәслихатының
2021 жылғы 8 шілдедегі

Тұрғын үй сертификаттарын алушылар санатының тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 16.05.2024 № 19/184 шешімімен (оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№	Атауы
1	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар.
2	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар.
3	Толық емес отбасылар.